

Ыстық тамақ таратты

Айыртау ауданының “Прекрасное” шаруа қожалығының басшысы Бақыт Құсайынов су басқан елді мекендердің аумағында қалып, мал мен мүлікті күзететін сарбаздарға, еріктілерге және Большая Малышка және Барневка ауылдарының тұрғындарына ыстық тамақ таратты.

Ол үшін кәсіпкер облыс орта-

лығына арнайы келді. Тағамды дайындау үшін 40 кг ет және 30 кг күріш пайдаланылған.

Шаруа қожалығы басшысының өтінішімен облыстық кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері де көмектесті.

**Мәдина БАЛҒАБАЙҚЫЗЫ,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың студенті.**